

# PLITONIT PlitoFix Gel керамогранитке арналған желім



КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



20 кг

Желім класы: C1 TE

- ✓ Жоғары илемділігі және пайдалану ыңғайлылығы
- ✓ Ашық уақыты 30 минут
- ✓ Шаңсыз құрам
- ✓ «Жылы еден» жүйесіне қолайлы

Ішкі қолданыс үшін тақталардың максималды өлшемі

Сыртқы қолданыс үшін арналған тақталардың максималды өлшемі

900 x 900 мм



Басқа тілдегі нұсқаулықты жүктеу/  
Download the manual in another language  
kz | az | uz | tj | kg | tm | am | ge | mn

## Қолдану аясы

Жабын түрлері	Еден	Қабырғалар
Керамогранит	+	+
Керамикалық тақташа	+	+
Клинкер тақташасы	+	+
Табиғи және жасанды тас	+	+
Мозаика және мөлдір тақташа	—	—
Негіздің түрі	Еден	Қабырғалар
Деформацияланбайтын: Бетон, темірбетон, кеуекті блоктар, кірпіш, цементтік сылақ және деформацияланбайтын негіздердің басқа да түрлері	+	+
Құйылмалы едендер (кешендік, цементтік)	+	—
Құрылымдық және температуралық деформацияларға бейім негіздер	—	—
ГКБ, ГТБ, ШМБ	+	+
Күрделі: ЦЖТ, ОСВ	—	—
Гипс сылақтары, ОЖТ	+	+
Жұмыстар аясы	Еден	Қабырғалар
Ылғалдылығы қалыпты үй-жайлар	+	+
Ылғалдылығы жоғары үй-жайлар	+	+
Сыртқы жұмыстар (қасбет, цоколь және басқ.)	+	+
Бассейндер	+	+
Жылы еден жүйесімен үйлесімділігі (су және электр)*	+	+

\* «жылы еден» жүйесімен бірге тақтаны төсеу технологиясы туралы қосымша ақпарат алу үшін [plitonit.ru](http://plitonit.ru) сайтына кіріңіз.

## Техникалық сипаттамалар

Толтырғыш түйіршіктерінің ең үлкен өлшемі	0,2 мм
Желім тігісінің максималды қалыңдығы	10 мм
Араластыру үшін қажет су мөлшері	
Кировск қ.-сында өндірілген желім үшін***	
● қоспаның 1 кг-ына	0,37-0,4 л**
● қоспаның 20 кг-ына	7,4-8 л
Раменское қ.-сында өндірілген желім үшін***	
● қоспаның 1 кг-ына	0,32-0,35 л**
● қоспаның 20 кг-ына	6,4-7 л
Жылжуға төзімділік	0,5 мм-дан аспау керек
Жанасатын аудан бойынша ашық жұмыс уақыты, мин	30 минут
Қаптама материалды реттеу уақыты	
● Керамикалық тақташа үшін	5 минуттан аз болмау қажет
● Керамогранит үшін	20 минуттан аз болмау керек
Ерітінді қоспасының жұмысқа қабілеті	4 сағат
Үстімен жүру және ысқылау жұмыстарының мүмкіндігі	24 сағаттан кейін
Пайдаланудың температуралық режимі	-50°C-тан +70°C-қа дейін
28 тәул. бойы ауасы құрғақ ортада ұстаудан кейін желім қосылысының беріктігі	≥ 1,1 МПа
Сұлы ортада ұстаудан кейін желім қосылысының беріктігі	≥ 0,5 МПа
Циклдік мұздату мен ерітуден кейінгі желімдік қосылыстың беріктігі	≥ 0,5 МПа
Жоғары температураларда ұстаудан кейінгі желімдік қосылыстың беріктігі	≥ 0,5 МПа

\*\* еденге еден жабындарын монтаждауда рұқсат етілген максималды су мөлшерін пайдалану ұсынылады; қабырғаларға монтаждауда орташа манді пайдаланыңыз.

\*\*\* өндіріс орнын көрсететін әріп қапта өндіру күнімен қатар көрсетілген.

## Негізді дайындау

1	Негізді кірден, шаңнан, майлардан, тоң майлардан, сонымен қатар қабатталатын элементтерден тазалаңыз
2	Жұмысты бастамас бұрын, қажет болған жағдайда негізді PLITONIT астарымен өңдеу керек (астарды таңдау кестесі төменде келтірілген)

Негіз СП 71.13330.2017 талаптарына сәйкес келуі керек және жеткілікті жүк көтергіш қабілетіне ие болуы керек.  
ГКБ, ГТБ, ШМБ жасалған деформацияланатын қаңқа тәрізді негіздердің (қораптар, арақабырғалар және т.б.) қаттылығы жоғары болуы керек және СП 163.1325800.20 талаптарына сәйкес келуі керек.  
Егер жұмыс «жылы еден» жүйесімен жабдықталған негізге жүргізілген жағдайда жұмысты жүргізуден 2 күн бұрын «жылы еден» жүйесін өшіру ұсынылады.

## Ылғалдылығы қалыпты үй-жайларда негіздердің түрлеріне байланысты астарларды таңдау

Негіздің түрі	Терең енетін PLITONIT астары	PLITONIT 1 астары	Беріктейтін PLITONIT астары	PLITONIT БетонБайл аныс
Бетон, темірбетон	—	—	—	+
Цементтік сылақтар, кірпіш, ЦҚҚ, құйылмалы едендер	+	1:5	—	—
Цементтік гидроқшаулағыш	+	1:5	—	—
Кеуекті негіздер (газдалған бетон, көбікбетон және басқ.)	—	—	1:2	—
Әлсіз, төгілмелі және борлайтын негіздер	—	1:2	1:2	—
ГКБ, ГТБ, ШМБ	+	1:5	—	—
Гипс сылақтары, ОЖТ	Гипс сылақтарын қаптау үшін PLITONIT WaterProof Standard немесе PLITONIT ГидроЭласт гидроқшаулағыш мастикалардан жасалған бөлгіш қабатты құрылғыны пайдалану ұсынылады			

## Ылғалдылығы жоғары және дымқыл жерлері бар үй-жайларда негізді дайындау

Ванна бөлмесіндегі қабырғалар мен едендер	Негіздің түріне қарамастан, гидроқшаулау PLITONIT WaterProof Standard немесе PLITONIT ГидроЭласт мастикасымен 1 қабатта орындалады
Асуы белдеуі	
Душ бөлмесіндегі қабырғалар мен едендер	Негіздің түріне байланыссыз PLITONIT WaterProof Standard немесе PLITONIT ГидроЭласт мастикамен 2 қабат жасап, гидроқшаулау орындалады

### Ерітінді қоспасын дайындау

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдалану керек.

Су мен қоспаның араластырудағы ара қатынасы техникалық сипаттамалары бар кестеде көрсетілді

1	Құрғақ қоспаны араластыру үшін бөлме температурасындағы судың қажетті мөлшерін өлшеңіз
2	Құрғақ қоспаны алдын ала өлшенген су мөлшеріне қосыңыз
3	Құрғақ қоспа мен суды біркелкі консистенцияға жеткенше электрлік миксерді немесе саптамасы бар электрлік бұрғыны пайдаланып 2-3 минут араластырыңыз****
4	Ерітіндіні 5 минутқа қойып, қайтадан араластырыңыз.

\*\*\*\* айналудың жылдығы 600 айн/мин-тан аспау керек

### Жұмыс жүргізудің тәртібі

1	Дайын ерітінді қоспасын тегіс шпательмен негізге біркелкі жағыңыз және тісті шпательмен тарақ құрылымын жасаңыз*
2	Ерітінді қоспасы 30 минут ішінде (ашық жұмыс уақыты) тақтамен қапталуы мүмкін аймаққа қолданылуы керек
3	Тақтаны жабысқақ ерітінді қоспасына қойып, оны айналмалы қозғалыстармен басыңыз (600x600 мм-ден асатын тақта өлшемдері үшін арнайы діріл құрылғыларын пайдаланыңыз)

### «Жұмыс жүргізудің тәртібі» бөліміне қосымша

1	Шпатель тісінің биіктігі тақтаның ең ұзын жағының ұзындығына негізделіп есептеледі.			
	Тақтаның үлкен жағының ұзындығы	30 см-ге дейін	30-дан 60 см-ге дейін	60 см-ден ұзын
	Шпатель тісінің биіктігі, мм	6-8 мм	10 мм	12 мм
2	Артқы жағының рельефтік биіктігі 2 мм-ден асатын немесе өлшемі 30x30 см-ден асатын тақталарды төсеу кезінде тақта астындағы бастықтарды болдырмау және жабысу беріктігін арттыру үшін желімді аралас әдіспен жағу керек ( негізге де, тақтаның артқы жағына да). Жоғарыда сипатталғандай, негізге желім жағылады. Тақтаның артқы жағына желім алдымен тіс биіктігі 2-4 мм болатын тісті шпательмен жағылады, содан кейін тегіс шпательмен желім қабаты тақтаның бүкіл ауданы бойынша біркелкі тегістеледі.			
3	Тақталар ашық тігістерімен төселеді және тиісті құрылғыларды (ТТЖ, тағалар, айқаршықтар) қолдану арқылы тегістеледі.			
4	Өтпе жел, жоғары температура, сондай-ақ беттің жоғары сіңіргіштігі ашық жұмыс уақытын және реттеу уақытын қысқартады.			

### Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмысты орындау кезінде және келесі 3 тәулікте ауаның, негіздің және тақталардың температурасы +5 °С-тан +30 °С-қа дейін болуы керек. Жұмыс кезінде ерітінді қоспасының температурасы +10°С-тан +30°С-қа дейін болуы керек. Сыртқы жұмыстарды орындау кезінде беті жауын-шашыннан қорғалуы керек.

### Назар аударыңыз

Тақташамен қапталған еденмен жүруге және тігістерді тегістеуге 24 сағаттан кейін ғана рұқсат беріледі. Жылытылатын едендерді қосу және төселген ЫГБ (ылғалға төзімді гипсокартон) кейінгі жұмыстарды тақталарды төсегеннен кейін 3 күн өткеннен кейін ғана жүргізуге болады.

Көрсетілген уақыт сипаттамалары қоршаған ортаның температурасы (20±2)°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы (60±10)% болғанда жарамды және басқа температура мен ылғалдылық жағдайында өзгеруі мүмкін. Жұмыстарды орындау кезінде жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу нұсқауларын және құрылыстағы қауіпсіздік шараларын басшылыққа алу керек. Тақталарды төсемес бұрын, тақтаны суламаңыз, тақтаның сырт жағын шаң мен кірден тазалаңыз. Жұмыс барысында ерітінді қоспасын мезгіл-мезгіл араластыру керек. Қоспаның түсі өндіріс орнына және т.б. байланысты партиядан партияға өзгеруі мүмкін. Қоспаның түсі өнімнің мәлімделген техникалық сипаттамаларына сәйкестігіне әсер етпейді.

### Сақтық шаралары

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша 4 қауіптілік класына (қауіптілігі төмен заттар) жатады
Жұмысты орындау кезінде қолғапты, қорғаныс көзілдірігін және тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын пайдаланыңыз
Қоспаны теріге және көзге тигізбеңіз. Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сумен шайыңыз
<b>БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ!</b>

### Құрамы

Портландцемент, кварц құмы, функционалды қосымшалар.

### Тасымалдау және сақтау

Қоспаны жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдау керек. Құрғақ қоспасы бар қаптарды қаптаманың сақталуын және ылғалдан қорғауды қамтамасыз ететін жағдайларда жабық, құрғақ үй-жайларда сақтау керек. Өндірушінің ыдысындағы сақтау мерзімі – тасымалдау және сақтау шарттарын ескере отырып, шығарылған күннен бастап 12 ай.

### Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушының тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын сақтаған кезде қоспаның ГОСТ Р 56387, С1 ТЕ класы және ТУ 23.64.10-140-51552155-2025 PLITONIT PlitoFix Gel талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ 8.579-2002 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі (Аэфф<370 Бк/кг, НРБ-99/2009 СанПин 2.6.1.2523–09 сәйкес).

### Шығын

Қолданылған шпатель тістерінің биіктігіне негізделген материал шығыны	Қолданылған шпатель тістерінің биіктігіне негізделген материал шығыны				
	Тақтаның үлкен жағының ұзындығы	20 см-ге дейін	20-дан 30 см-ге дейін	30-дан 60 см-ге дейін	60 см-ден ұзын
Шпатель тісінің биіктігі, мм	6	8	10	12	
Қоспаның 1 м <sup>2</sup> -қа шығыны, кг	3,1	4,1	5,2	6,2	
20 кг желімді қолданған кездегі төселген тақтаның ауданы, м <sup>2</sup>	8,1	6,0	4,8	4,0	

**ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ**

8 (800) 555 - 71 - 67

www.plitonit.ru

e-mail: info@mc-bauchemie.ru